**МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ**

**ЖАҢАӨЗЕН ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ**

«Келісемін»
«Жаңаөзен қалалық жұмыспен қамту
және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» басшысы
_________ У.К Орынбаева
«___» ___________2021 ж

«Бекітемін»
ЖШС «Жаңаөзен политехникалық колледж»
_________ Т.А.Болатбаева
«___» ___________2021 ж

# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

**Мамандық:** 09230100 - Әлеуметтік жұмыс
**Біліктілік:** 4S09230102 - Әлеуметтік қызметкер

**Жаңаөзен – 2022ж**

**ҚҰРАСТЫРҒАНДАР**

1. Алпамысов Н.Ж.-«Атамекен кәсіпкерлер палатасы» басшысы;
2. Мыңбаев Н.-«Жаңаөзен жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» басшысы;
3. Айтенов Е.С.-«Халыққа қызмет көрсету орталығы» басшысы;
4. Құлджанова А.-Жаңаөзен политехникалық колледжінің арнайы пән оқытушы;
5. Эбиева С.И.-Жаңаөзен политехникалық колледжінің арнайы пән оқытушы.

**ҚАРАСТЫРЫЛДЫ, КЕЛІСІЛДІ ЖӘНЕ ҰСЫНЫЛДЫ**

Колледж әдістемелік кеңесі

№__ хаттама «___» __________ 20__ жыл

Колледж Индустриалдық кеңесі

№__ хаттама «___» __________ 20__ жыл

## Түсіндірме жазба

Техникалық және кәсіптік білім беру 09230100 – «Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы "Атамекен" Басқарма Төрағасы орынбасарының бұйрығының "Әлеуметтік жұмыс" кәсіби стандарттың №49 қосымшасына, Психологиялық және әлеуметтік жұмыс» кәсіптік стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2019 жылғы 30 мамырдағы №292 бұйрығы, WorldSkills чемптонатының «Әлеуметтік жұмыс» (өңірлік кезең) құзыреттіліктері бойынша конкурстық құжаттамаларына; Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаның ҚР Білім және ғылым министрінің 15.09.2021 № 469 145-қосымшасына сәйкес әзірленген.

*Білім беру бағдарламасы келесі НҚА негізінде жасақталды:*

1. «Білім туралы» заңы 27.07.2007 ж. №319 ҚР өзгерістер мен толықтырулар енгізілді 2021.06.29 № 58-VII;
2. «Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» ҚР БҒМ 31.10.2018 ж. №604 бұйрығы жаңа редакцияда-ҚР БҒМ М. А. 2021.07.23 № 362;
3. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтарының жүргізуі үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БжҒМ-нің 06.04.2020 жылғы №130 бұйрығы;
4. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышы» ҚР БжҒМ 27.09.2018 ж. № 500 бұйрығы. жаңа редакцияда-ҚР БжҒМ-нің 2021.04.08 № 157 бұйрығы;
5. «Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БжҒМ-нің 31.10.2017 ж. №553 бұйрығы жаңа редакцияда-ҚР БжҒМ-нің 16.09.2019 № 409 бұйрығы;
6. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдарды» бекіту туралы ҚР БжҒМ м. а. 29.12.2016 ж. №727 бұйрығы жаңа редакцияда-ҚР БжҒМ 18.07.2019 ж. №312;

*Глоссарий:*

модульдік оқыту бағдарламасы – бір мамандық аясында кәсіптік қызметтің белгілі бір түрлерін орындауға қажет білімдер, біліктер мен құзыреттерді игеруге бағытталған білім беру бағдарламасының бір бөлігі;

модуль – білім беру бағдарламасының тәуелсіз, толыққанды және тұтас бөлімі;

жұмыс оқу бағдарламасы – техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы типтік оқу бағдарламасы негізінде нақты пән, іс-тәжірибелер, оқу қызметінің өзге түрлері (модульдер) үшін дайындайтын құжат;

модульдік бірлік – бұл бөлінуі мүмкін еңбектің басы мен аяғы болатын, белгілі бір кәсіпте еңбектің қисынды қолайлы бөлінісі, бұдан әрі мұның нәтижесі өнім, қызмет немесе жұмыстың бір бөлігі (жұмысшы операция) болады – ХЕҰ (халықаралық еңбек ұйымы) анықтамасы;

оқу модулі (модульдік оқу бірлігі) – болашақ біліктіліктің нақты дағдыларын білуді және орындалуын қамтамасыз ететін бір оқу модулі (пәні) аясындағы оқыту мазмұны бөлімдерінің (тақырыптарының) жиынтығы;

біліктілік – алынған мамандық бойынша белгілі бір қызмет түрін құзыретті орындауға даярлық деңгейі; оқу процесінің жоспары (оқу жоспары) – сәйкес

білім деңгейі мен бақылау нысанындағы білім алушылардың оқу пәндерінің (модульдерінің), іс-тәжірибелердің және оқу әрекетінің өзге түрлері тізбесін, реттілігін, көлемін (еңбек сыйымдылығын) реттемелейтін құжат;

мамандықтар бойынша білім беру бағдарламасының құрылымы циклдар бойынша модульдер тізімін қамтиды: міндетті модульдер; базалық жалпы кәсіптік модульдер; кәсіптік модульдер және кәсіби тәжірибе модулі.

құзыреттіліктерге негізделген білім беру бағдарламасы өмір бойы білім алу тұжырымдамасын ескере отырып әзірленген, себебі, білім беру бағдарламаларының мазмұны біліктілігі жоғары, бір жағынан құбылмалы еңбек жағдайларына бейімделуге және екінші жағынан кәсібі өсу мен білім алуды жалғастыруға қабілетті мамандар дайындауға бағытталған.

тасымалдаушы-бұл меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде көлік құралын иеленетін, жолаушыларды, багажды, жүктер мен поштаны ақы төлеу немесе жалдау бойынша тасымалдау жөнінде қызметтер көрсететін және бұған белгіленген тәртіппен берілген тиісті рұқсаты немесе лицензиясы бар заңды немесе жеке тұлға.

арнаулы әлеуметтік қызметтер – өмірлік қиын жағдайда жүрген адамға (отбасына) туындаған әлеуметтік проблемаларды еңсеру үшін жағдайларды қамтамасыз ететін және оның қоғам өміріне қатысуына басқа азаматтармен тең мүмкіндіктер жасауға бағытталған қызметтер кешені;

пробация (әлеуметке қосу) – санаттары заңмен айқындалған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу үшін олардың мінез-құлқын түзеуге бағытталған бақылау және әлеуметтік-құқықтық сипаттағы қызмет түрлері мен жеке айқындалатын шаралар жүйесі;

әлеуметтік жұмыс – жекелеген отбасыларға, отбасыларға бұзылған немесе жоғалған функцияларын, олардың толық әлеуметтік жұмыс істеуіне кедергі келтіретін олардың әлеуметтік құқықтары мен өтемақы кепілдіктерін әске асыруда көмек көрсету бойынша қызмет;

әлеуметтік қызметкер – арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін және (немесе) арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау мен айқындауды жүзеге асыратын, белгіленген талаптарға сәйкес келетін қажетті біліктілігі бар қызметкер;

дағдылары – жұмыс орнында және күнделікті өмірінде белгіленген интеллектуалды және физикалық әрекеттерді орындау қабілеттігін сипаттайтын оқу немесе белгілі зерттеулер мен жұмыстарды жүргізу арқылы дамитын қасиет;

еңбек функциясы – еңбек процесінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланыстағы әрекеттер жиынтығы;

икемділік – әрекеттерді іске асыру және проблемаларды шешу үшін (логикалық,интуитивті, шығармашылық және практикалық ойлауды қолдану) білімді қолдану жәнеқұзыреттілігін көрсету қабілеттілігі;

кәсіп – қызметкердің біліктілік даярлығының деңгейі, жұмыс күрделілігі денгейін анықтау үшін қажет білімінің, икемділігі мен дағдыларының болуы;

кәсіптік кіші топ – еңбек функцияларының толық жиынтығымен құрылған және құзыреттерді орындау үшін қажетті кәсіптер жиынтығы;

кәсіптік топ – жалпы интеграциялық негізі бар (ұқсас және жақын тағайындаулар, объектілер, технологиялар, оның ішінде еңбек құралдары) және олардыорындау үшін еңбек функциялары мен құзыреттілігінің ұқсас жиынтығын көздейтін кәсіби кіші топтар жиынтығы;

кемтар баланы оңалтудың жеке бағдарламасы (кейс-менеджмент) - баланың соматикалық жай-күйі деңгейінің болжамын, психикалық-дене төзімділігін, отбасыныңәлеуметтік мәртебесі мен әлеуметтік инфрақұрылым мүмкіндіктерін ескере отырып, оның қажеттіліктерінің құрылымына, ден қоятын мәселелерінің шеңберіне, құштарлықтарының деңгейіне сәйкес баланың тұрмыстық, қоғамдық, кәсіби қызметке

қабілетін қалпына келтіруге бағытталған медициналық, психологиялық, педагогикалықжәне әлеуметтік іс-шаралар тізбесі;

медициналық-әлеуметтік көмек – тізбесін уәкілетті орган белгілейтін әлеуметтік маңызды аурулары бар азаматтарға көрсетілетін медициналық және әлеуметтік-психологиялық көмек;

медициналық-әлеуметтік сараптама – мүгедектікті және (немесе) еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесін белгілей (белгілемей) отырып, куәландырылатын адамның организм функцияларының тұрақты бұзылуынан туындаған тыныс-тіршілігінің шектелуін бағалау, сондай-ақ оның әлеуметтік қорғау шараларына қажеттілігін айқындау.

1.Оқу жоспары кәсіби дайындықтың құрылымдық мазмұнын білдіреді, модульдер бойынша оқу уақыты көлемін, модульдерді оқу реттілігін қамтиды.

2.Оқу бағдарламасы және оқыту жоспары әр түрді модульдерден құралады. «Модуль» термині теориялық және тәжірибелік блоктарды үйлестіру арқылы «оқыту салаларының» үлгісін түсіндіреді. Осылайша қажетті модуль мамандық бойынша дайындық шеңберінде қарастырылатын құзыреттілікті меңгеру мен дамытуға негізделеді.

«09230100 - Әлеуметтік жұмыс»мамандығы оқу жоспары келесі оқу циклдарына бөлінеді:

• Жалпы білім беру модульдері

• Жалпы гуманитарлық модульдер (мысалы: кәсіби қазақ (орыс) тілі, мемлекеттік тілде іс жүргізу, кәсіби шет тілі, дене шынықтыру)

•Базалық жалпы кәсіптік модульдер теориялық сабақтар сағаттары, зертханалық-тәжірибелік жұмыстар және өндірістік оқытудан құралады

•Кәсіптік модульдерде де теориялық сабақтар сағаттары, зертханалық-тәжірибелік жұмыстар және өндірістік оқыту болады.

• Өндірістік оқыту және кәсіптік тәжірибеден құралады.

• Аралық аттестация

• Қорытынды аттестация

• Консультация

• Факультативті сабақтар – әлеуметтік бағыттағы пәндер циклын оқу ұсынылады.

Әзірленген оқу жоспары сағаттарды модульдер, бақылау формалары және аттестаттау бойынша білім алушылардың біліктілік деңгейлерін есептей отырып бөлуді қарастырады.

Әзірленген оқу жоспары өндірістік оқытуды кәсіптік модульдермен үйлестіруді қарастырады, яғни өндірістік оқу кәсіптік модульдер бойынша жіктеледі.

Оқу уақытының көлемі жұмыс беруші талаптарын ескере отырып өзгертілуі мүмкін.

Өндірістік оқыту мен кәсіптік тәжірибені ұйымдастыру келесі тармақтардан құралады:

- оқыту және дағдыларды қалыптастыру бойынша өндірістік жұмыс (зертхана мен шеберханада өндірістік оқыту);

- оқыту және дағдыларды дамыту бойынша өндірістік жұмыс (оқу зертханалары мен шеберханаларды өндірістік оқыту, кәсіптік тәжірибе дәне өндірістегі білім беру);

- кәсіптік тәжірибе.

Әрбір тәжірибе түрінің ұзақтығы маман біліктілігі бейіні талаптарына сәйкес анықталады.

**Өндірістік оқыту** оқу шеберханаларында білікті және тәжірибелі нұсқаушылардың басшылығымен жүргізіледі. Студенттер өзара байланысты жұмыстардың белгілі мөлшерін тәжірибе барысында меңгеруі тиіс.

Кәсіптік тәжірибе сәйкес ұйымдарда, жұмыс орындарында жүргізіледі, ол білімді шоғырландыруға бағытталады. «Әлеуметтік қызметкер» біліктілігі үшін бұл тәжірибені үшінші оқу жылының екінші семестрінде өткізу ұсынылады, ол негізінен жұмысқа рұқсат берілген және талаптары анықталған орында өтуі керек. Оқу бағдарламасына сәйкес студенттерді қадағалау және нұсқау беру үшін жауапты «тәжірибелі қызметкердің» болуы қажет. Жұмыс беруші компаниялар мамандарды кәсіптік тәжірибеге қабылдаудың талаптарын негізгі пәндер бойынша орта ұпай санын ескере отырып дайындайды.

Жоғары деңгейге ауысу критерийі аттестаттауды тапсыру болып табылады (аралық және қорытынды).

**Аралық аттестация** оқу жылының соңында өткізіледі. Аралық емтихандар саны біліктілік деңгейіне тәуелді болады. Аралық аттестаттауды екі кезеңде өткізу ұсынылады. Бірінші бөлісі сәйкес оқу жылындағы модульдер мазмұнын көрсетеді. Екінші бөлімі сәйкес дайындық деңгейімен байланысты тапсырмаларды анықтайды (3,4 немесе 5 деңгейлер).

Аралық емтиханның сәйкес мазмұны модульдер мазмұнымен анықталады және оларды студент аталған оқу жылында оқыған болуы керек. Бұдан басқа тапсырмалар мен есептер кәсіби дайындықтың сәйкес деңгейін көрсетуі керек (3,4 немесе 5 деңгей).

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттерін *қорытынды аттестация* қамтиды:

– Білім беру ұйымдарындағы білім алушылар аттестациясы;

– Кәсіби дайындықты бағалау және біліктілік беру (белгіленген және жоғары біліктілік деңгейлері үшін).

Білім беру ұйымдарындағы студенттердің қорытынды аттестациясы білім беру бағдарламасын меңгеру деңгейін анықтау мақсатында оқу курсы қорытындысы бойынша жүргізіледі.

Білім беру ұйымдарына білім беру бағдарламасы аяқталғаннан кейін қорытынды аттестацияның мүмкін формалары: жалпы кәсіптік пәндер бойынша емтихан тапсыру (модуль) және кәсіптік модульдер емтиханы немесе дипломдық жобаны дайындау және қорғау, дипломдық жұмыс жазу және қорғау, арнайы пәндер бойынша қорытынды (модуль) қорытынды емтихан тапсыру.

Кәсіби дайындық деңгейін бағалау (КДДББ) және «Әлеуметтік қызметкер» біліктілігін беру екі кезеңнен құралады:

1) пән бойынша теориялық тестілеу (модуль), кәсіби дайындықты анықтау;

2) біліктілік деңгейі бойынша тәжірибелік тапсырманы орындау.

Қорытынды аттестация жүргізуге оқу уақытының көлемі 2 аптадан аспайды. Оның ішінде, КДДББ ұйымдастыру мен жүргізуге бір топқа 12 сағат бөлінеді (мамандыққа және оқу үдерісін ұйымдастыруға байланысты артық болуы мүмкін).

*Факультативті сабақтар* оқу жылы ішінде аптасына 4 сағаттан асырмай ұйымдастырылады және оқушылардың барлығы оқу үшін міндетті болып табылмайды.

*Консультациялар* әрбір оқу жылында 100 сағат мөлшерінде жоспарланады және бір оқу тобына оқыту мерзімі мен мамандыққа тәуелді болады.

Консультацияны өткізу уақыты көлемі мен формасын (топтық, жеке, жазбаша және т.б.) білім беру ұйымдары оқу жоспарын құрастыру барысында анықтайды.

*Қысқартулар мен белгілеулер тізімі:*

1. ММ – міндетті модульдер
2. ЖБМ – жалпы білім беру модульдері;
3. ЖГМ – жалпы гуманитарлық модульдер;

4. ӘЭМ – әлеуметтік –экономикалық модульдер;
5. БЖМ – базалық жалпы кәсіби модульдер;
6. КМ – кәсіби модульдер;
7. БҰМ – білім беру ұйымы анықтайтын модульдер;
8. ӨО – өндірістік оқыту;
9. КТ – кәсіптік тәжірибе;
10. АА – аралық аттестация;
11. КДБББ –кәсіптік дайындық деңгейін бағалау және біліктілікті беру;
12. ҚА – қорытынды аттестация;
13. К – кеңес беру;
14. Ф – факультативті сабақтар;
15. МЕМСТ – мемлекеттік стандарт;
16. CMS – Контентті басқару жүйесі.

## 2. Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы

**Паспорт**

**Мамандық атауы және коды:** 09230100 - Әлеуметтік жұмыс
**Біліктіліктің коды және атауы:** 4S09230102 - Әлеуметтік қызметкер

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Реестрде тіркелу уақыты:** | | | |
| **Тіркеу номері:** | | | |
| **БББ паспортын жаңарту күні:** | | | |
| **Мамандық атауы және коды: 09230100 - Әлеуметтік жұмыс** | | | |
| **Біліктіліктің коды және атауы: 4S09230102 - Әлеуметтік қызметкер** | | | |
| **ТжКББ ұйымы:** ЖШС «Жаңаөзен политехникалық колледжі» | | | |
| **Әзірлеуші серіктестер**: Маңғыстау обл. Кәсіпкерлер Палатсының Жаңаөзен қалалық филиалы. | | | |
| **БББ мақсаты:** Әлеуметтік жұмыс негізерін қызметтің ерекше түрі ретінде , әлеуметтік жұмыс әдістерін , әлеуметтік жұмыстың құқықтық негіздерін қалыптастыру | | | |
| **ҰБШ бойынша деңгей:** 4 | | | |
| **СБШ бойынша деңгей:** 4 | | | |
| **Кәсіби стандарт (бар болса):** "Атамекен" ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 24.12.2019 ж. | | | |
| **WorldSkills кәсіби стандарты (бар болса): -** | | | |
| **Оқыту түрі:** күндізгі | | | |
| **Білім базасы:** негізгі орта білім | | | |
| **Оқыту тілі:** қазақша | | | |
| **Кредиттердің жалпы көлемі:** 180 | | | |
| **БББ Әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңесте қарау күні:** | | | |
| **Білім беру қызметімен айналысуға лицензияның нөмірі:** №0032326 | | | |
| **Білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензияға қосымшаның нөмірі:** 021 | | | |
| **БББ ерекшеліктері:** кредиттік-модульдік технология үшін әзірленген | | | |
| **Модульдер/пәндер мазмұны туралы мәліметтер:** | | | |
| **№** | **Модульдің/пәннің атауы** | **Оқыту нәтижелері / бөлімдер** | **Кредит/сағат көлемі** |
| 1 | БМ1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру | ОН 1.1. Денсаулықты нығайту және салауатты өмір | 4/96 |
| | | ОН 1.2. Дене қасиеттері мен психофизиологиялық қабілеттерді жетілдіру. | 2/48 |
| 2 | БМ2. Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану | ОН 2.1. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негіздерін меңгеру негіздерін меңгеру. | 2/48 |
| | | ОН 2.2. Ақпараттық-анықтамалық және интерактивті веб- | 3/72 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | порталдардың қызметтерін пайдалану | |
| 3 | БМ3. Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану | ОН 3.1. Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді меңгеру | 2/48 |
| | | ОН 3.2. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүргізудің ғылыми және заңнамалық негіздерін меңгеру | 2/48 |
| 4 | БМ06.Мемлекеттік тілде іс қағаздарын құрастыру | ОН 6.1. Еңбек қатынастарын реттейтін құжаттарды мемлекеттік тілде құрастыру | 2/48 |
| | **«4S09230102 - Әлеуметтік қызметкер» біліктілігі** | | |
| 5 | КМ01. Әлеуметтік қызмет көрсетуге мұқтаж деп танылған азаматтарға үй жағдайында әлеуметтік-кеңес беру және әлеуметтік-педагогикалық қызмет түрлерін көрсету | ОН 1.1. Клиенттің жағымды психологиялық жағдайын қалыптастыру және психологиялық көмек алуға көмектесу.. | 11/264 |
| | | ОН 1.2. Әлеуметтік – педагогикалық, әлеуметтік-кеңес беру қызметтерін көрсетуге ықпал ету. | 12/288 |
| | | ОН 1.3. Әлеуметтік қызметтердің жеке бағдарламасы аясында бос уақытты ұйымдастыруға ықпал ету. | 9/216 |
| | | Тәжірибе | 9/216 |
| 6 | КМ 02. Өмірлік қиын жағдайды еңсеру үшін мұқтаж адамға (отбасына) қажетті арнаулы әлеуметтік қызметтердің жеке көлемдері мен түрлерін айқындау. | ОН2.1. Әлеуметтік қызмет және әлеуметтік қолдау шараларын алуға өтініш білдірген немесе жіберілген азаматтардың мәселелері туралы куәландыратын құжаттарға талдау жүргізу. | 12/144 |
| | | ОН 2.2. Әлеуметтік қызмет алушыларға әлеуметтік-құқықтық қызмет көрсетуге ықпал ету. | 17/408 |
| | | ОН 2.3. Өмірлік қиын жағдайда жүрген адамды (отбасын) тану үшін негіздеме бойынша құжат | 5/120 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | айналымын жүргізу. | |
| | | Тәжірибе | 15/360 |
| 7 | Аралық аттестация* | | 4,5/108 |
| 8 | Қорытынды аттестация* | | 4,5/108 |
| | | **Жалпы:** | 180/4320 |
| 9 | Кеңес беру | | 13/312 |
| 10 | Факультативтік сабақтар | | 135/312 |
| 11 | Барлығы: | | 206/4944 |

## 3. Құзыреттер мен модульдер тізімі

09230100 – «Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша мамандығы бойынша

| **Құзыреттер атауы** | **Модульдер атауы** |
|---|---|
| **Білікті жұмысшы кадрлар** | |
| Базалық құзыреттер | Базалық модульдер |
| БҚ 1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру | БМ 1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру |
| БҚ 2. Кәсіптік қызметте ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану | БМ 2. Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану |
| БҚ 3. Кәсіптік қызметте экономи-канының базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану | БМ 3. Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану |
| Кәсіптік құзыреттер | Кәсіптік модульдер |
| КҚ 1. Әлеуметтік қызмет көрсетуге мұқтаж деп танылған азаматтарға үй жағдайында әлеуметтік-кеңес беру және әлеуметтік-педагогикалық қызмет түрлерін көрсету | КМ 1. Әлеуметтік қызмет көрсетуге мұқтаж деп танылған азаматтарға үй жағдайында әлеуметтік-кеңес беру және әлеуметтік-педагогикалық қызмет түрлерін көрсету |
| КҚ 2. Өмірлік қиын жағдайды еңсеру үшін мұқтаж адамға (отбасына) қажетті арнаулы әлеуметтік қызметтердің жеке көлемдері мен түрлерін айқындау. | КМ 2. Өмірлік қиын жағдайды еңсеру үшін мұқтаж адамға (отбасына) қажетті арнаулы әлеуметтік қызметтердің жеке көлемдері мен түрлерін айқындау. |

## 4. Оқыту нәтижелерінің сипаттамасы

ОН 1.1. Клиенттің жағымды психологиялық жағдайын қалыптастыру және психологиялық көмек алуға көмектесу оқыту нәтижесінің спецификациясы

| Дербестік және жауапкершілік-блок соңына қарай білім алушы мынадай еңбек іс-әрекеттерін жауапкершілікпен және өз бетінше жүзеге асыруға қабілетті болады | Іскерліктер-блок соңына қарай білім алушы қабілетті болады | Білім - блок соңына қарай білім алушы білетін болады |
|---|---|---|
| Клиентпен қарым – қатынаста ширақ болуға қабілеттенеді | Әлеуметтік мекеме жұмысындағы құқықтық мәдениет | Тұлғаның жағдайына ене отырыа, қарым – қатынас орната алады |

| | | |
|---|---|---|
| Жағымды атмосфера қалыптастыруға қабілетті болады | Мінез – құлық, түрлері және уәждеме (мотивация) | Клиенттің көңіл – күйіне қарай жұмыс жүргізуді |
| Жұмыс барысындағы терминологиялық сөздер мен қатар сөздик қорын пайдаланады | Әлеуметтік жұмыс маманының лексиконындағы сөйлеу стреотиптері | Термин сөздерге «анықтама» беруді |
| Клиенттің жағдайын дауыс ырғағына қарай ажыратады | Қарым – қатынастағы дауыс интонациясы | Сұхбаттасуда өзін – өзі ұстау мен дауыс ырғағын қалыпты ұстауды |
| Клиенттің мәселесіне қарай консултация беруге қабілетті болады | Психологиялық көмек | Кеңес берудегі тиімді шешімдерді қабылдайды |

ОН 1.2. Әлеуметтік – педагогикалық, әлеуметтік-кеңес беру қызметтерін көрсетуге ықпал ету оқыту нәтижесінің спецификациясы

| | | |
|---|---|---|
| Дербестік және жауапкершілік-блок соңына қарай білім алушы мынадай еңбек іс-әрекеттерін жауапкершілікпен және өз бетінше жүзеге асыруға қабілетті болады | Іскерліктер-блок соңына қарай білім алушы қабілетті болады | Білім - блок соңына қарай білім алушы білетін болады |
| Іс – әрекеттер жиынымен жұмыс жүргізеді | Әлеуметтік педагог қызметінің іс – әрекеттер жиынын анықтауды | Әлеуметтік педагогиканың негізгі жины |
| Консультациялық көмек көрсете алады | Әлеуметтік педагогоика мен кеңес берудің байланысының ара жігін бөлуді | Әлеуметтік педагогоика мен психологиялық кеңес берудің сабақтастығы |
| Кеңес берудегі заңнамаларды қолданады | Кеңес беруді жүргізудің жолдарын ажыратады | Әлеуметтік –кеңес беру қызметі |
| Жүйелі тәртіппен жұмыс жүргізеді | Жүйелі тәртіп бойынша жұмысты ұйымдастыра алуды | Әлеуметтік педагогикалық жүйе |
| Жұмыс жүйесін тәртіппен жүргізеді | Қызмет көрсетудің тәртібін орната алуды | Қызмет көрсету тәртібі |

ОН 1.3. Әлеуметтік қызметтердің жеке бағдарламасы аясында бос уақытты ұйымдастыруға ықпал ету оқыту нәтижесінің спецификациясы

| | | |
|---|---|---|
| Дербестік және жауапкершілік-блок соңына қарай білім алушы мынадай еңбек іс-әрекеттерін жауапкершілікпен және өз бетінше жүзеге асыруға қабілетті болады | Іскерліктер-блок соңына қарай білім алушы қабілетті болады | Білім - блок соңына қарай білім алушы білетін болады |
| Бағдарлама мамен жұмыс жасайды | Бағдарламамен танысып, жүзеге асыру жолдарын | Әлеуметтік қызметкердің жеке бағдарламасы |

| | | |
|---|---|---|
| | орындауға қабілетті болады | |
| Бос уақытта материалдық, рухани баюды жүргізеді | Бағдарламадағы бос уақыт тиімді жүргізуді | Жеке бағдарламаның сипаттамалары |
| Мазмұн мен құрлымды сәйкестендіріп жүргізеді | Әлеуметтік қызметкердің тұлғалық қасиеттерін бағалау қабілеттері | Әлеуметтік қызмет барысындағы бағдарламаның мазмұны, құрлымы |
| Жұмысына деген қызығушылығы арқыры тапсырмалар орындау жауапкершілікті қалыптастырады | Жан – жақты ізденісте қабілеттілік арттырады | Әлеуметтік қызметкердің бос уақыты |
| Бос уақытты тиімді пайдалануды ұйымдастырады | Жек тұлғаға ыңғайлы болуды, тиімді ұйымдастыруға қабілеттілігі артады | Бос уақытты ұйымдастырудағы басты қағидалар |

ОН 2.1. Әлеуметтік қызмет және әлеуметтік қолдау шараларын алуға өтініш білдірген немесе жіберілген азаматтардың мәселелері туралы куәландыратын құжаттарға талдау жүргізу оқыту нәтижесінің спецификациясы

| Дербестік және жауапкершілік-блок соңына қарай білім алушы мынадай еңбек іс-әрекеттерін жауапкершілікпен және өз бетінше жүзеге асыруға қабілетті болады | Іскерліктер-блок соңына қарай білім алушы қабілетті болады | Білім - блок соңына қарай білім алушы білетін болады |
|---|---|---|
| Өтініш берудегі тәртәпті орындайды | Әлеуметтік қолдау шараларының құрылымының заңын біледі | Әлеуметтік қолдау шараларына өтініш білдіру |
| Әлеуметтік – материалдқ жағдаймен танысады | Мәселесі бойынша көмек тиісті немесе тиісті еместінін ажыратады | Өтініш білдірген немесе өтініш жіберген азаматтардың мәселесі |
| Мәселелерінің заң аясына сай келу – келмеуін белгілейді | Мәселелерімен танысып, өтініш толтыртады | Әлеуметтік қолдауға өтінішті берген азаматтардың мәселелерін анықтау |
| Куәландыру құжаттарын ажыратады | Құжаттармен жұмыс жасайды | Куәландыратын құжаттарды талдау |
| Тиісті әлеуметті көмек түрлері (денсаулығына байланысты) болатынын бідеді | Көмек түрлерін тағайындай алады. | Әлеуметтік көмек немесе қызмет түрін алу |

ОН 2.2. Әлеуметтік қызмет алушыларға әлеуметтік-құқықтық қызмет көрсетуге ықпал ету оқыту нәтижесінің спецификациясы

| Дербестік және жауапкершілік-блок соңына қарай білім алушы мынадай еңбек іс-әрекеттерін жауапкершілікпен және өз | Іскерліктер-блок соңына қарай білім алушы қабілетті болады | Білім - блок соңына қарай білім алушы білетін болады |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| бетінше жүзеге асыруға қабілетті болады | | |
| Әлеуметтік қорғауда құқықтық қатынастарды ажыратады | Әлеуметтік қорғау ұғымы және оны ұйымдастыру – құқықтық нысаны | Әлеуметтік қорғау құқығының тәртібі мен заңын |
| Құқық жүйесімен жұмыс жүргізеді | Әлеуметтік құқық жүйесі | Әлеуметтік – құқық жүйесінің заңын біледі |
| Құқықтыққатынастардың заң ережелерін пайдаланады | Халықты әлеуметтік қамсыздандырудың құқыққатынастары | Құқықтыққатынастардың заң ережелерін біледі |
| Ұлттық зейнетақы қорынан қамсыздандыруды ұйымдастыру тәртібін біледі | Зейнетақы төлемдерімен қамтамасыз ету | Зейнетақы қорының арасындағы зейнетақы шартын құрастырады |
| Әлеуметтік көмек алушыларға медециналық көмекте құқықтық заңнамаларды меңгереді | Міндетті медициналық сақтандыру | Медециналық сақтандыру заңы бойынша жұмыс жүргізе алады |

ОН 2.3. Өмірлік қиын жағдайда жүрген адамды (отбасын) тану үшін негіздеме бойынша құжат айналымын жүргізу оқыту нәтижесінің спецификациясы

| Дербестік және жауапкершілік-блок соңына қарай білім алушы мынадай еңбек іс-әрекеттерін жауапкершілікпен және өз бетінше жүзеге асыруға қабілетті болады | Іскерліктер-блок соңына қарай білім алушы қабілетті болады | Білім - блок соңына қарай білім алушы білетін болады |
|---|---|---|
| Өмірлік қиын жағдайдағы адамдарды танудағы құжаттармен жұмыс жүргізеді | Әлеуметтік – материалдық тұрмыс жағдайы | Әлеуметтік – материалдық отбасыға көмек көрсетуді жүргізе алады |
| Денсаулығындағы қиындықты, медицинада түзету жұмыстарына құжаттар даярлайды | Әлеуметтік – медициналық денсаулық жағдайы | Құжаттар тізбегімен сұраныс жібере алады |
| Өмірлік қиын жағдайдағы жандарға психологиялық кеңес жүргізге қабілетті болады | Әлеуметтік – психологиялық жағдайы | Кеңес жүргізе алады |
| Құжаттар бойынша анықтайды (зерттеу әдісі арқылы: анкета, сауалнама) | Негіздеме бойынша құжаттар жүргізу | Жүргізілген жұмыстарға анализ жасай алады |
| Берілген жауаптарды салыстыру бойынша қиын жағдайдағы адамды анықтайды | Құжат айналымын жүргізу | Анализ нәтижесін кестеге жүргізіп, мониторинг шығарады |

## 5. Оқытудың нақты нәтижелері бойынша бағалау критерийлері

| Оқу нәтижелері<br>(білім алушы қабілетті) | Бағалау критерийлері |
|---|---|
| ОН 1.1. Клиенттің жағымды психологиялық жағдайын қалыптастыру және психологиялық көмек алуға көмектесу. | Клиентпен қарым – қатынаста ширақ болуға қабілеттенеді<br>Жағымды атмосфера қалыптастыруға қабілетті болады<br>Жұмыс барысындағы терминологиялық сөздер мен қатар сөздик қорын пайдаланады<br>Клиенттің жағдайын дауыс ырғағына қарай ажыратады<br>Клиенттің мәселесіне қарай консултация беруге қабілетті болады |
| ОН 1.2. Әлеуметтік – педагогикалық, әлеуметтік-кеңес беру қызметтерін көрсетуге ықпал ету. | Іс – әрекеттер жиынымен жұмыс жүргізеді<br>Консультациялық көмек көрсете алады<br>Кеңес берудегі заңнамаларды қолданады<br>Жүйелі тәртіппен жұмыс жүргізеді<br>Жұмыс жүйесін тәртіппен жүргізеді |
| ОН 1.3. Әлеуметтік қызметтердің жеке бағдарламасы аясында бос уақытты ұйымдастыруға ықпал ету. | Бағдарлама мамен жұмыс жасайды<br>Бос уақытта материалдық, рухани баюды жүргізеді<br>Мазмұн мен құрлымды сәйкестендіріп жүргізеді<br>Жұмысына деген қызығушылығы арқыры тапсырмалар орындау жауапкершілікті қалыптастырады<br>Бос уақытты тиімді пайдалануды ұйымдастырады |
| ОН 2.1. Әлеуметтік қызмет және әлеуметтік қолдау шараларын алуға өтініш білдірген немесе жіберілген азаматтардың мәселелері туралы куәландыратын құжаттарға талдау жүргізу. | Өтініш берудегі тәртәпті орындайды<br>Әлеуметтік – материалдқ жағдаймен танысады<br>Мәселелерінің заң аясына сай келу – келмеуін белгілейді<br>Куәландыру құжаттарын ажыратады<br>Тиісті әлеуметті көмек түрлері (денсаулығына байланысты) болатынын біледі |
| ОН 2.2. Әлеуметтік қызмет алушыларға әлеуметтік-құқықтық қызмет көрсетуге ықпал ету | Әлеуметтік қорғауда құқықтық қатынастарды ажыратады<br>Құқық жүйесімен жұмыс жүргізеді<br>Құқықтыққатынастардың заң ережелерін пайдаланады<br>Ұлттық зейнетақы қорынан қамсыздандыруды ұйымдастыру тәртібін |

| | |
|---|---|
| | біледі<br>Әлеуметтік көмек алушыларға медециналық көмекте құқықтық заңнамаларды меңгереді |
| ОН 2.3. Өмірлік қиын жағдайда жүрген адамды (отбасын) тану үшін негіздеме бойынша құжат айналымын жүргізу. | Өмірлік қиын жағдайдағы адамдарды танудағы құжаттармен жұмыс жүргізеді<br>Денсаулығындағы қиындықты, медицинада түзету жұмыстарына құжаттар даярлайды<br>Өмірлік қиын жағдайдағы жандарға психологиялық кеңес жүргізге қабілетті болады<br>Құжаттар бойынша анықтайды (зерттеу әдісі арқылы: анкета, сауалнама)<br>Берілген жауаптарды салыстыру бойынша қиын жағдайдағы адамды анықтайды |

## 6. Оқу жұмыс жоспары





**МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ**

**ЖАҢАӨЗЕН ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ**

БЕКІТЕМІН
Колледж басшысы
_________Болатбаева Т.А.
«  »          20__ж.

**ОҚУ ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ**

**«Әлеуметтік қызметкер» біліктілігіне**

**Мамандығы:** 09230100 - Әлеуметтік жұмыс

**Біліктілік:** 4S09230102 - Әлеуметтік қызметкер

Оқыту нысаны күндізгі/*сырттай* негізгі/*жалпы* орта білім базасында

**Жалпы сағат саны:** 1944 сағат, **кредиттер** 81

**Әзірлеуші:** Эбиева С.И. __________

« Арнайы цикл » бірлестік отырысында қаралды және мақұлданды
2021 ж. "____" ______№ __ хаттама
Пәндік комиссия төрағасы ___________ Серикбаева Р.А.

## Түсіндірме жазба

| Пән/модуль сипаттамасы | |
|---|---|
| Білім алушыларға мамандығы бойынша кәсіби дүниетанымын қалыптастырып, біліктілік деңгейі бойынша білім беру, оқыту. «Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша кәсіптік білім беру. | |
| **Қалыптастырылатын құзіреттілік** | |
| 1) білім алушылардың әлеуметтік мамандық бойынша білім беру барысында заманауи ақпарат құралдарын пайдалану;<br>2) тұлға және тұлға арасындағы қарым – қатынастарды қалыпты ұстай білуге дағдыландыру;<br>3) оқу және зерттеу қызметіне жауапкершілікпен карауға тәрбиелеу;<br>4) алған білімдері бойынша мамандығына сай маман иесі болып шығу. | |
| **Пререквизиттер** | |
| Жалпы білім беру пәндері | |
| **Постреквизиттер** | |
| КМ 03 | |
| **Оқытуға қажетті құралдар, жабдықтар** | |
| ноутбук, интерактивті тақта | |
| **Оқытушының байланыс ақпараты:** | |
| Эбиева Сагира Исенбаевна | Тел: +7 775 679 93 83 |
| | e-maill: ebiyeva90@bk.ru |

## Семестр бойынша сағаттарды бөлу

| Пән/модульдің коды және атауы | Модульдегі барлық сағат саны | Соның ішінде | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1 курс | | 2 курс | | 3 курс | | | |
| | | 1 семестр | 2 семестр | 3 семестр | 4 семестр | 5 семестр | 6 семестр | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | | |
| КМ01. Әлеуметтік қызмет көрсетуге мұқтаж деп танылған азаматтарға үй жағдайында әлеуметтік-кеңес беру және әлеуметтік-педагогикалық қызмет түрлерін көрсету | 984 | | | 504 | 480 | | | | |
| КМ 02. Өмірлік қиын жағдайды еңсеру үшін мұқтаж адамға (отбасына) қажетті арнаулы әлеуметтік қызметтердің жеке көлемдері мен түрлерін айқындау | 1176 | | | | | 456 | 720 | | |
| Барлығы: | 2160 | 960 | 1200 | | | | | | |
| Пән/ модуль бойынша оқытуға берілетін жалпы сағат саны | 2160 | 960 | 1200 | | | | | | |

## Оқу жұмыс бағдарламасының мазмұны

| № | Тараулар/ оқыту нәтижелері | Тақырыптар/ бағалау өлшемдері | Барлық сағат саны | Оның ішінде | | | Сабақ түрі | Бағалау тапсырмалары |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Теориялық | Зертханалық тәжірибелік | Өндірістік оқыту/ кәсіптік практика | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 1 | ОН 1.1. Клиенттің жағымды психологиялық жағдайын қалыптастыру және психологиялық көмек алуға көмектесу. | Клиентпен қарым – қатынаста ширақ болуға қабілеттенеді | 72 | | | | * | өзіндік жұмыс |
| | | Жағымды атмосфера қалыптастыруға қабілетті болады | 40 | | | | * | өзіндік жұмыс |
| | | Жұмыс барысындағы терминологиялық сөздер мен қатар сөздик қорын пайдаланады | 40 | | | | * | өзіндік жұмыс |
| | | Клиенттің жағдайын дауыс ырғағына қарай ажыратады | 40 | | | | * | өзіндік жұмыс |
| | | Клиенттің мәселесіне қарай консултация беруге қабілетті болады | 72 | | | | * | өзіндік жұмыс |
| 2 | ОН 1.2. Әлеуметтік – | Іс – әрекеттер жиынымен жұмыс | 96 | | | | * | өзіндік жұмыс |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | педагогикалық, әлеуметтік-кеңес беру қызметтерін көрсетуге ықпал ету. | жүргізеді | | | | | | |
| | | Консультациялық көмек көрсете алады | 48 | | | | * | өзіндік жұмыс |
| | | Кеңес берудегі заңнамаларды қолданады | 48 | | | | * | өзіндік жұмыс |
| | | Жүйелі тәртіппен жұмыс жүргізеді | 48 | | | | * | өзіндік жұмыс |
| | | Жұмыс жүйесін тәртіппен жүргізеді | 48 | | | | * | өзіндік жұмыс |
| 3 | ОН 1.3. Әлеуметтік қызметтердің жеке бағдарламасы аясында бос уақытты ұйымдастыруға ықпал ету. | Бағдарлама мамен жұмыс жасайды | 48 | | | | * | өзіндік жұмыс |
| | | Бос уақытта материалдық, рухани баюды жүргізеді | 48 | | | | * | өзіндік жұмыс |
| | | Мазмұн мен құрлымды сәйкестендіріп жүргізеді | 72 | | | | * | өзіндік жұмыс |
| | | Жұмысына деген қызығушылығы арқыры тапсырмалар орындау жауапкершілікті қалыптастырады | 72 | | | | * | өзіндік жұмыс |
| | | Бос уақытты тиімді пайдалануды ұйымдастырады | 216 | | | | * | өзіндік жұмыс |
| 4 | ОН 2.1. Әлеуметтік қызмет және әлеуметтік қолдау шараларын алуға өтініш білдірген немесе жіберілген азаматтардың мәселелері туралы куәландыратын | Өтініш берудегі тәртәпті орындайды | 96 | | | | * | өзіндік жұмыс |
| | | Әлеуметтік – материалдқ жағдаймен танысады | 48 | | | | * | өзіндік жұмыс |
| | | Мәселелерінің заң аясына сай келу – келмеуін белгілейді | 48 | | | | * | өзіндік жұмыс |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | құжаттарға талдау жүргізу. | Куәландыру құжаттарын ажыратады | 48 | | | | * | өзіндік жұмыс |
| | | Тиісті әлеуметті көмек түрлері (денсаулығына байланысты) болатынын біледі | 48 | | | | * | өзіндік жұмыс |
| 5 | ОН 2.2. Әлеуметтік қызмет алушыларға әлеуметтік-құқықтық қызмет көрсетуге ықпал ету | Әлеуметтік қорғауда құқықтық қатынастарды ажыратады | 96 | | | | * | өзіндік жұмыс |
| | | Құқық жүйесімен жұмыс жүргізеді | 120 | | | | * | өзіндік жұмыс |
| | | Құқықтыққатынастардың заң ережелерін пайдаланады | 96 | | | | * | өзіндік жұмыс |
| | | Ұлттық зейнетақы қорынан қамсыздандыруды ұйымдастыру тәртібін біледі | 96 | | | | * | өзіндік жұмыс |
| | | Әлеуметтік көмек алушыларға медециналық көмекте құқықтық заңнамаларды меңгереді | 120 | | | | * | өзіндік жұмыс |
| 6 | ОН 2.3. Өмірлік қиын жағдайда жүрген адамды (отбасын) тану үшін негіздеме бойынша құжат айналымын жүргізу. | Өмірлік қиын жағдайдағы адамдарды танудағы құжаттармен жұмыс жүргізеді | 96 | | | | * | өзіндік жұмыс |
| | | Денсаулығындағы қиындықты, медицинада түзету жұмыстарына құжаттар даярлайды | 96 | | | | * | өзіндік жұмыс |
| | | Өмірлік қиын | 96 | | | | * | өзіндік |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жағдайдағы жандарға психологиялық кеңес жүргізге қабілетті болады | | | | | | жұмыс |
| | | Құжаттар бойынша анықтайды (зерттеу әдісі арқылы: анкета, сауалнама) | 96 | | | | * | өзіндік жұмыс |
| | | Берілген жауаптарды салыстыру бойынша қиын жағдайдағы адамды анықтайды | 96 | | | | * | өзіндік жұмыс |
| 7 | Барлығы: | | 1032 | | | | | |

## Әдебиеттер және оқу құралдары

### Негізгі әдебиеттер

1. Выготский Л. С. Балалардың жас ерекшеліктері және кемтар бала психологиясы туралы таңдамалы еңбектер . А: 1999
2. Выготский Л.С. Проблемы дефектологии. М: 1995
3. «Сурдопедагогика» под.ред. А.И.Дьечкова.
4. Н.Ә.Назарбаев. Мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтары және оларды қамтамасыз ету заңы. Астана – 11 шілде. -2002.
5. Обучение детей с нарушениями интеллектуального развития (Олигофренопедагогика) / Под ред. Б.П. Пузанов. Учебное пособие - М. 2001.
6. Н.Специальная педагогика/ Под ред  Назаровой Н.М.-М.-2001.
7. Өмірбекова Қ., Серікбаев Қ. «Логопедия» А., 1996 ж.

### Қосымша әдебиеттер

1. Технология социальной работы: Учебник Под.ред. Е.И.Холостовой. М., 2001
2. А.Н.Агафонов, К.Н.Менлибаев, Г.Г.Черная. Занятость населения и ее регулирование. Караганда 2008г.
3. Мардахаева Л.В. Методика и технология социального педагога. М., 2002
4. Баймуканова М.Т. Отбасымен әлеуметтік жұмыс. Қарағанды: 2006ж.
5. Энциклопедия социальной работы. М., 1994
6. Социальная работа. Журнал
7. Социальная педагогика. Журнал
8. Словарь-справочник по социальной работе / под.ред. Е.И.Холостовой. М., 1997

## 7. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі


| № | Атауы | Авторы | Баспа | Год |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Әлеуметтік жұмыстағы ұйымдастыру,әкімшілік және басқару | Қылышбаева Б.Н., Дүйсенова С.М. | Эрудит | 2011 |
| 2 | Әлеуметтік жұмыс:мамандыққа кіріспе. | Нұрбекова Ж., Жаназарова З. | Эрудит | 2012 |
| 3 | Әлеуметтік жұмыстың әдістері мен технологиялары. | Сарыбаева И. | Эрудит | 2013 |
| 4 | Әлеуметтік жұмыс. | Әбдірайымова Г.С. | Эрудит | 2014 |
| 5 | Әлеуметтік басқару | Қ.Р.Қасенов Г.Б.Нурлихина А.Т.Исаева Ә.Қайратұлы | Фолиант | 2019 |


**Мазмұны**


| | | |
|---|---|---|
| 1 | Түсіндірме жазба | 3 |
| 2 | Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы (Паспорт) | 8 |
| 3 | Құзыреттер мен модульдер тізімі | 10 |
| 4 | Оқыту нәтижелерінің сипаттамасы | 10 |
| 5 | Оқытудың нақты нәтижелері бойынша бағалау критерийлері | 14 |
| 6 | Оқу жұмыс жоспары | 16 |
| 7 | Оқу жұмыс бағдарламасы | 20 |
| 8 | Ұсынылатын әдебиеттер тізімі | 27 |